

Еркін қоймалардың қызметін реттеудің кейбір мәселелері туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 22 қыркүйектегі № 1086 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 28 тамыздағы № 685 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 28.08.2015 № 685 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Кодексінің 60-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Кеден органдарының еркін қойма иелерімен өзара қарым-қатынастарын белгілеу қағидасы бекітілсін.

2. Еркін қойма құру туралы шешімі бар еркін қоймалардың иелері Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Заңымен ратификацияланған Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімнің 4-бабына сәйкес келген жағдайда еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізілген деп танылатындығы белгіленсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2011 жылғы 22

қыркүйектегі

№ 1086 қаулысымен

бекітілген

Кеден органдарының еркін қойма иелерімен өзара қарым-қатынастарын белгілеу қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Кеден органдарының еркін қойма иелерімен өзара қарым-қатынастарын белгілеу қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 30 маусымдағы Заңымен ратификацияланған Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімге және «

Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің 60-бабына сәйкес әзірленді және еркін қоймалар иелерінің тізіліміне (бұдан әрі – Тізілім) енгізудің және осы тізілімнен шығару, сондай-ақ еркін қоймалар иелері ретіндегі заңды тұлғалардың қызметін тоқтата тұру, жаңғырту тәртібін айқындайды.

2. Еркін қойманың иесі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен тіркелген және осы Қағиданың 3-тармағында айқындалған шарттарға сәйкес келетін заңды тұлға.

Кеден органы заңды тұлғаны еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізгеннен кейін осы заңды тұлға еркін қойманың иесі болып танылады.

2. Еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу тәртібі

3. Мыналар заңды тұлғаларды Тізілімге енгізу шарттары болып табылады:

1) еркін қойма ретінде пайдалануға арналған құрылыстардың (үй-жайлардың) меншікте, шаруашылық жүргізуде, жедел басқаруда немесе жалға алынған болуы және мынадай талаптарға сай болуы:

объектіде күзеттің не күзет сигналы жүйесінің және қойманың аумағында соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін бейне бақылау жүйесінің болуы;

қажетті тиеу-түсіру механизмдерінің және арнайы техниканың, сондай-ақ орналастырылатын тауарлар сипатына сәйкес сертификатталған таразы жабдығының болуы, ал арнаулы сақтау орнына газ орналастырылатын жағдайда тиісті есептеу аспаптарының болуы; техникалық жарамды кіреберіс жолдардың болуы;

тауарларды тексеріп қарау үшін орындардың, оның ішінде электр жарығымен жарақтандырылған және кеден органдарының бағдарламалық өнімдерімен үйлесетін, соңғы күнтізбелік отыз күн ішінде болған оқиғалар туралы бейнеақпаратты қарауды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін, тәулік бойғы режимде жұмыс істейтін бейне бақылау құралдарымен жабдықталған жабық алаңдардың болуы;

«Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 186-бабының 3-тармағына сәйкес жапсарлас тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, аумақты белгілеу, көрсетілген аумақта қатты немесе асфальт жабындысының болуы;

қойманың аумағында қойма қызметіне байланысты емес ғимараттардың (құрылымдар) мен құрылыстардың болмауы; жапсарлас тиеу-түсіру алаңдарын қоса алғанда, бір немесе бірнеше

үй-жайлардан және алаңдардан тұратын еркін қойманың аумағы қоршалуға тиіс;

2) кеден органына жүгінген күні кедендік төлемдерді, өсімпұлдарды төлеу бойынша орындалмаған міндеттемелердің болмауы;

3) кеден органына жүгінген күні «Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес кедендік реттеу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша заңды күшіне енген не орындалмаған қаулының болмауы;

4) Кеден одағының және Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес тауарларды есепке алу және олар бойынша есептілік ұсыну жүйесінің болуы ;

5) кедендік бақылауды жүзеге асыру үшін еркін қоймада үй жайлардың, жабдықтардың және байланыс құралдарының бар болуы.

4. Заңды тұлға Еркін қоймалар иелерінің тізіліміне енгізу үшін кеден ісі саласындағы уәкілетті органға еркін нысанда өтініш береді, сондай-ақ оған мынадай құжаттарды :

1) заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәліктің* немесе анықтаманың көшірмесін және салыстырып тексеру үшін түпнұсқасын (өтінішті қарау аяқталғаннан кейін кеден органы түпнұсқаны өтініш берушіге қайтарады) не нотариат куәландырған көшірмесін;

ескертпе: * «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркеу және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2012 жылғы 24 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілгенге дейін берілген заңды тұлғаны (филиалды, өкілдікті) мемлекеттік (есептік) тіркеу (қайта тіркеу) туралы куәлік заңды тұлғаның қызметі тоқтатылғанға дейін жарамды болып табылады;

2) тұлғаның салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін және салыстыру үшін түпнұсқасын (өтінішті қарау аяқталғаннан кейін кеден органы түпнұсқаны өтініш берушіге қайтарады) не нотариат куәландырған көшірмесін;

3) құрылтай құжаттарының көшірмелері мен салыстыру үшін түпнұсқаларын (өтінішті қарау аяқталғаннан кейін кеден органы түпнұсқаны өтініш берушіге қайтарады) не құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін;

4) банктерден оларда ашылған шоттар туралы растауларды;

5) еркін қойма ретінде пайдалануға арналған меншік, шаруашылық жүргізу, жедел басқару, немесе ғимараттарды (үй-жайларды) жалға алу құқығын растайтын құжаттардың көшірмелерін және олардың түпнұсқаларын (өтінішті қарау аяқталғаннан кейін кеден органы түпнұсқаны өтініш берушіге қайтарады) не олардың нотариат куәландырған көшірмелерін;

б) еркін қойма ретінде мәлімделетін үй-жайлар мен аумақтардың жоспарларын, с ы з б а л а р ы н ;

7) қажетті тиеу-түсіру механизмдерінің және арнайы техниканың, сондай-ақ орналастырылатын тауарлардың сипатына сәйкес келетін сертификатталған таразы жабдықтарының бар болуын растайтын құжаттардың көшірмелерін және салыстыру үшін олардың түпнұсқаларын (өтінішті қарау аяқталғаннан кейін кеден органы түпнұсқаны өтініш берушіге қайтарады), не олардың нотариат куәландырған көшірмелерін ;

8) Кодекстің 208-бабына сәйкес қызмет аймағында еркін қойма орналасқан кеден ісі саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі жасаған, осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген талаптарға сәйкестігі тұрғысынан кедендік тексеріп қарау қорытындысы бойынша үй-жайлар мен аумақтарды қарау актісін қ о с а б е р е д і .

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 05.06.2013 N 574 Қ а у л ы с ы м е н .

5. Өтінішті оған қоса берілетін құжаттармен бірге кеден ісі саласындағы уәкілетті орган күнтізбелік он бес күн ішінде қарайды.

6. Өтініш беруші осы Қағиданың 3 және 4-тармақтарында белгіленген талаптарға сәйкес келген жағдайда кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен ресімделетін тізілімге енгізу туралы шешім қабылданады. Бұл ретте кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтініш берушіні қабылданған шешім туралы жазбаша нысанда 5 жұмыс күні і ш і н д е х а б а р д а р е т е д і .

7. Еркін қойма иелерінің тізіліміне енгізуден бас тарту туралы шешім осы Қағиданың 4-тармағында көрсетілген барлық құжаттар ұсынылмаған немесе өтініш беруші осы Қағиданың 3-тармағында белгіленген шарттарға сәйкес келмеген жағдайда қабылданады. Бұл ретте кеден ісі саласындағы уәкілетті орган өтініш берушіге осы Қағиданың 5-тармағында белгіленген мерзім ішінде бас тарту себебін негіздей отырып жазбаша нысанда хабарлайды.

Өтініш беруші анықталған бұзушылықтарды жойғаннан кейін өтініш осы Қағидада белгіленген тәртіппен қаралады.

8. Еркін қойманың алаңы өзгертілген кезде оның иесі бес жұмыс күні ішінде жазбаша нысанда кеден ісі саласындағы уәкілетті органға осындай өзгеріс т у р а л ы х а б а р л а й д ы .

Еркін қойма иесінен келген көрсетілген хабарлама еркін қойма иесіне қатысты кеден органында сақталатын материалдарға қоса тіркеледі. Бұл ретте кеден ісі саласындағы уәкілетті орган Тізілімге көрсетілген өзгерісті енгізу т у р а л ы ш е ш і м ш ы ғ а р а д ы .

9. Занды тұлға – еркін қойманың иесі қайта тіркелген жағдайда, еркін

қойманың иесі қайта тіркелген күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде кеден ісі саласындағы уәкілетті органға тиісті құжаттарды қоса бере отырып жазбаша нысанда хабарлайды.

Еркін қойма иесінің көрсетілген хабарламасы кеден органында сақталатын еркін қойма иесіне қатысты материалдарға қоса тіркеледі. Бұл ретте кеден ісі саласындағы уәкілетті орган Тізілімге көрсетілген өзгерісті енгізу туралы шешім шығарады.

10. Еркін қоймалар иелерінің тізіліміндегі ақпарат, сондай-ақ көрсетілген тұлғаларды тізілімнен шығару не олардың қызметін тоқтата тұру туралы деректер кеден ісі саласындағы уәкілетті органның Интернет-ресурсына орналастырылады.

3. Еркін қойманың иесі ретінде заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру және жаңғырту тәртібі

11. Еркін қойма иесі ретіндегі заңды тұлғаның қызметі өтініште көрсетілген мерзімге еркін қойма иесінің жазбаша өтініші бойынша тоқтатыла тұрады.

12. Шешімнің қолданысы тоқтатыла тұрғанға дейін еркін қоймаға орналастырылған тауарлар еркін қойманың қызметін тоқтата тұру туралы шешім қабылданған күнінен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде кедендік бақылаумен басқа еркін қоймаға ауыстырылады не өзге кедендік рәсімдермен орналастырылады.

13. Еркін қойманың иесі ретіндегі қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғаның жазбаша өтініші бойынша ол жүзеге асыратын қызмет Қазақстан Республикасының кеден заңнамасына сәйкес үй-жайлар мен аумақтарға тексеру жүргізілгеннен кейін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның бұйрығымен көрсетілген тұлғаның өтінішін тіркеген күнінен бастап он жұмыс күні ішінде қайта жаңғыртылады.

14. Уәкілетті орган басшысының не оны алмастыратын тұлғаның еркін қойма иесі ретінде заңды тұлғаның қызметін тоқтата тұру немесе көрсетілген иеленушінің тиісті қызметін жаңғырту туралы бұйрығы қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде мұндай ақпарат жазбаша нысанда көрсетілген иеленушіге жіберіледі.

4. Еркін қойма иелерінің тізілімінен шығару тәртібі

15. Заңды тұлғаны еркін қойма иелерінің тізілімінен шығару үшін негіздемелер:

- 1) еркін қойма иелерінің тізіліміне енгізу шарттарын сақтамау;
- 2) еркін қойма иесінің өзін еркін қойма иелерінің тізілімінен шығару туралы

жазбаша нысандағы өтініші;
3) заңды тұлғаның таратылуы;
4) бөліп шығаруды, бөлуді және қайта құруды қоспағанда, заңды тұлғаны қайта ұйымдастыру;
5) еркін қойма иесінің Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімнің 6-бабының 1-тармағында көзделген міндеттемелерді сақтамауы;

б) Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасында көзделген жағдайлар болып табылады.

16. Еркін қоймалар иелерінің тізілімінен шығару туралы шешім кеден ісі саласындағы уәкілетті орган басшысының (оны алмастыратын тұлғаның) бұйрығымен, осындай шығарудың себебі көрсетіле отырып ресімделеді. Бұл ретте еркін қоймалар иелерінің тізілімінен шығару туралы шешімді шығарудың жалпы мерзімі 15 күнтізбелік күнді құрайды.

17. Бұйрық қабылданған күнінен бастап он жұмыс күні ішінде тиісті ақпарат жазбаша нысанда еркін қойма иесіне жіберіледі.

18. Еркін қоймалар және еркін қойманың кедендік рәсімі туралы келісімнің 5-бабының 1)-3) және 5) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша тұлға еркін қоймалар иелерінің тізілімінен шығарылған жағдайда, көрсетілген тұлғаның тиісті тізілімге енгізу туралы қайта берген өтінішін кеден ісі саласындағы уәкілетті орган тұлғаны осындай тізілімнен шығару туралы бұйрық қабылданған күнінен бастап бір жыл мерзім аяқталғаннан кейін қарайды.